

Х.Ж.Смағұл *, А.Р.Алтынбекова

Магистр оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Магистр аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

*Корреспондент авторы: khamza.smagul@bk.ru

ҚЫЗ БАЛА ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КҮЙЛЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН МӘДЕНИ ІС-ШАРАНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Түйін

Мақала театрландырылған шоу-концерттің музыкалық бағдарламасына іріктеліп алынған музыкалық шығармаларға қысқаша шолу, олардың идеялық-құндылықтық маңызы туралы. Теориялық бөлімде музыканың адам психикасына ықпалын зерттеумен айналысып келе жатқан Ресейлік ғылыми мектептің қорытындысы жазылған. Мақалада қыз баласы тақырыбындағы қазақ күйлерінің тарихы, көркемдік-идеялық маңызы қарастырылып мәдени іс-шараның бір түрінде қолдану ұсынысы жасалған. Мақала мәдени іс-шарада қазақ күйлерінің қолданылу аясы және студенттердің адамгершілік, еңбек, эстетикалық тәрбиесіне ықпалы туралы. Театрландырылған концертте жеке орындаушылықпен шектелген қазақ күйлері барынша насихатталады және домбыра мен фортепианоның, қобыз бен фортепианоның бірлестігінде орындалатын музыкалық шығармалар академиялық өнердің шеңберінен бір мезетке шығып бұқаралық мерекеде орындалып шығармашылық эксперимент жасалады. Герменевтикалық сараптама, музыкалық шығармаға көркемдік сараптама әдістері мақаланың әдістемелік негізін құрайды.

Кілттік сөздер: қыз-баласы, күй, композитор, концерт, музыкалық бағдарлама

Кіріспе

Білім беру үдерісінде қазіргі кезде білім алушылардың когнитивті қабілеттерін ескере отырып сабақ жүргізу аздық етеді. Біздің жағдайда, 6В11120 – «Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасының студенттерін оқытуда алуан түрлі формадағы мәдени іс-шараға студенттерді жаппай жұмылдыру және ұйымдастыру жұмыстарына араласа бермей, қателік жасауына мүмкіндік беру ауадай қажет деп санаймыз. Себебі студенттер өз жұмыстарына өздері баға беріп, кемшілігін өзі анықтағысы келеді, коммуникативті дағдыларын аша қоймаған кейбір студенттің өз қатарластарымен қарым-қатынасы ұжымдық жұмыста реттеледі, әлеуметтенеді, оңаша қалмайды. Көп тараған мәдени іс-шараның бірі – театрландырылған шоу-концерт.

Білім беру үдерісіндегі маңызды элементтердің бірі – ол әрине мадақтау және жоғары рейтинг балл қою. Бізде оқитын топтардағы студенттердің тең жартысынан астамы қыз балалар. Білім алушылардың, әсіресе қыз-балалардың сабаққа ынта-жігерін оятып, білім беру бағдарламасына махаббатын арттыру мақсатында күнтізбедегі атаулы мерекенің бірі – 8 наурыз – Халықаралық қыз-балалар, әйелдер күніне арналған шоу-концерт ұйымдастыру өте маңызды. Студенттік ұжымда жайлы атмосфера орнатуда бұл мәдени іс-шараға топтың барша мүшесін жұмылдыру тіптен ұтымды шешім. Студенттер ұжымындағы ұл-балалар тарапынан түскен әлеуметтік тапсырысқа сәйкес шоу-концертіміздің тақырыбын «Қыз-бала тақырыбындағы қазақ музыка мәдениеті» деп аламыз және жартылай жанды дауыста өтуіне атсалысамыз. Себебі мәдени-тынығу жұмысы білім бағдарламасы кәсіби музыканттарды даярлаумен айналыспайды.

Күй – қазақ ұлттық музыкалық мәдениетінің бөлігі, аспапта орындауға арналып жазылған музыкалық шығарма.

Концертіміздің бағдарламасына тақырыбымызға сай алдын-ала көркемдік кеңестің (студент пен оқытушы, күй білгірі) тексеруінен өткен – Дәулеткерей, Құрманғазы, Сейтек,

Алтынай, Ақбикеш, Қазанғап, Т.Момбеков сияқты 19-20 ғғ өмір сүрген қазақ күйші-композиторларының және 20- ғасырда қазақ музыка мәдениетін жаңа, әлемдік деңгейге көтерген Е.Брусиловский, Н.Тілендиев, Е.Үсеновтердің еңбектері іріктеліп алынды. Сонымен қатар Ә.Желдібаев, Қ.Ахмедияров, С.Тұрысбеков, Б.Бекмуханбеттердің музыкалық шығармалары да қамтылды. Біз жартылай жанды дауыста өткізу көзделген шоу-концертке қойылатын музыкалық шығармаларды ұсынамыз.

Теориялық талдау

Музыканың адамға әсер етуін психология, нейробиология саласы айналысады. Платон мазасыздық ауруын емдеуде музыканы қолдануды жақтаған, Аристотель музыкаға тұрақсыз көңіл-күйден құтылу құралы деген баға берген.

1913 жылы В.М.Бехтерев құрған музыканың ағзаға әсерін зерттеген арнайы комиссия мекемесінің ғылыми қызметкерлері музыканың емдік, тәрбиелік, гигиеналық, әлеуметтік маңызы мәселесін көтерген [1]. Қазақ күйлері философиялық, педагогикалық, өнертанулық тұрғыда зерттелген. Бірақ адамға психологиялық ықпалы (классика эффектісі, Моцарт эффектісі т.б.) зерттелмеген. Сонда да жекелей музыканттардың дәрістерінде айтылып тұрады. 2024 ж 27 қаңтарда Е.Беделхан «Қазақи музыканың ықпалы және жаңғыруы: кеше, бүгін, ертең» - деген тақырыпта дәріс оқыды.

«Қосалқа күйі» - Дәулеткерейдің қонағы болып отырған Құрманғазының өтініші бойынша Дәулеткерейдің келіні Саржанға арналып тартылған күй. Сол кездегі мәдени айналымға еркін еніп, танымал болып, «Қосалқа» атымен таралып осы күнге ұрпақтан-ұрпаққа жеткен шығарма. 1944 жыл - Қосалқа күйінен шыққан «Қос Алқа» атты биі бірінші рет Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында қойылған [2].

Дәулеткерей бәйбішесіне арнап шығарған күйі. Өкініштісі талғамы биік әйелге күй онша ұнамайды. Үйге кіріп-шығып қызмет қылып жүрген Дәулеткерейдің жеңгелерінің бірі әңгімені құлағы шалып қалып бұл күйді өзіне арнай салуын өтінеді. Көп ойланбастан бұған күйші келіседі де «Жеңгем сүйер» деген атау беріпті мыс. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Дәулеткерей тағы бір тамаша күй шығарады. Бұл жолы бәйбішесі бұл күйді ұнатады да күйге «Көркем ханым» деген ат қойылады [3].

Қазақ даласында қыздар кішкентайынан өзі білмейтін біреуге атастырылатын салт 20-ғасырдың 20-30 жылдарына дейін сақталған. Бұл салт бойынша сол қыз бойжеткенде, өзі сүймесе де, сол жігітке ұзатылуға тиіс. Өзінің сүйген жігіті бар қыздардың батылдары наразылығын білдіріп Уақытша кеңес дейтін билігі бар мекемелерге арыз айтып барып отырған. Іс май-шамның жарығымен тексеріліп сөзі расталған қызға азаттық ала берілген. Сол заманда асқан әнші, ақындық өнері рулы елге ерте танылған, өз талабымен еркіндік алған Жұмабике қызға ризалық сезімін Дәулеткерей күй арқылы жеткізген. «Жұмабике» күйінің шығу тарихы осындай [4].

Халық күйі «Кербез қыз». «Қазақ әдебиеті» газеті ұйымдастырған «Күй тыңдайық» жобасы аясында сыбызғышы Талғат Мұқышев орындап тарихын баяндап берді. Ертеде бір бай қызы ұзатылатын болып бір ойын-сауықта өзінің кербездігін күймен жеткізген адамға сөзін беретінін айтыпты. Жан-жақтан жиналған домбыра, қобыз, сыбызғы т.б. аспаптарда орындаушылармен қатар өзінің бағын сынап көрген сыбызғы тартқан жігіт қыздың бітім-болмысын дәл тауып қыз жүрегін елжіретіпті де сылқым қыз соған тұрмысқа шығып, екеуі бақытты ғұмыр кешіпті мыс [5].

«Қайран, шешем» күйін Құрманғазы абақтыда жатқан кезде шығарған. Бір күні түрмеде жатқан Құрманғазыға анасы Алқа келеді. Баласының түрмеде езілгенін көрген бірбеткей, ер мінезді ана ұлының жағынан бір тартып жіберіп: «Мен ұл тудым ба десем, ез туған екенмін ғой, мына қас дұшпандарыңның алдында оныңды көрсетпе» - деп, қапаста жатқан ұлына жігер берген екен. Осыдан кейін күйші қолына домбыра алып, «Қайран, шешем» күйін күмбірлете жөнеледі [6].

Қазанғап қарақалпақ елін аралап жүріп, Уәли деген байдың үйіне түседі. Байдың Балжан атты 15 жастағы қызы көрікті, киім киісі, жүріс-тұрысы да ерекшеленіп тұрады. Қазанғаптың «Балжан қыз» деп аталатын күйлер циклы осыдан басталады. Күйші Уәли байдың ауылын өнерімен тәнті етеді. Біраз күн қонақ болғаннан кейін қайтуға жиналған Қазанғапты байдың қызы Балжан қимастық сезіммен шығарып салады. Қазанғап арада екі-үш жыл өткеннен кейін қайта барса, Балжан қыз ұзатылып жатыр екен. Тойдың үстінен түседі. Күйші ағасын көрген еркін өскен бұлаң қыз сағынышын жасырмай, Қазанғапты күткенін, енді амалсыз ұзатылып бара жатқанын айтады. Қазанғап сол тойда «18 жасар Балжан қыз» деген күйін шығарады [7]. Бірнеше күн тойдың сыйлы қонағы болған Қазанғапты жібергісі келмеген Балжан қыз қайта-қайта күй тартқызады. Ақыр аяғында қыздың күйшіге деген сезімінен күдіктенген жеңгелері Қазанғапқа қайтсаңшы дегенді айтады. Қазанғап қоштасар сәтте тағы бір жаңа күй орындайды. Бұл күйдің қалай деп аталатынын сұрағандарға айта қоймайды. Күйдің мазмұнын түсінген Балжан қыз «Мұның аты – «Рұқсат берші, Балжан қыз» ғой» - депті. Кейін арада жылдар өткенде бұрынғы ерке, шолжаң, бұлаң қылықтарынан арылып, байсалды әйел болған шығар деп ойлаған күйші «Балжан әйел» атты күй шығарады [8].

Алтынай –XIX ғасырдың орта шені, Атырау жері, Орал облысында туып өскен. Күйшінің «Алтынай Акжелең» деген күйі ғана белгілі. Алтынай әйгілі күйші Есбаймен өнер өрлестірді деген дерек бар [9]. Күй тарихы туралы нақты дерек жоқ. Бірақ күйдің шыққан тарихи кезеңіне қарай отырып көзді ашып жұмғанша өте шығатын қыз ғұмыр, сүйгеніне қосыла алмай алаңсыз қыз-күнін аңсап, көз тасада, оңашада дыбыс шығармай жылап алған қазақ әйелінің тағдыры бейнеленеді деп топшылаймыз.

«Айнам қалды» 19-ғасырда Орал облысында өмір сүрген күйші қыз Ақбикештің Соқыр Есжанға ғашықтығын бейнелейтін, өзінің ұзатылу тойында шығарған қоштасу күйі. Бұл күй Зәмзәм Есжанованың орындауынан жазылып алынған. Шығу тарихын Байсейітов Садық қарт айтып берген. Күйші Соқыр Есжан жас күнінде көрші ауылдағы байдың қызына ғашық болады. Ақбикеш те Есжанды ұнатқанымен екі жастың қосылуына әлеуметтік жағдай кесірін тигізеді. Ақбикеш өнер иесі, өз ауылындағы белгілі домбырашылардың бірі. Ол Есжанмен ойын-тойда кездескенде бір-біріне домбырамен ғана сыр шертеседі екен. Арада екі жыл өтіп, түрменің уақытын бітіріп, еліне қайтқан Есжан жолшыбай Ақбикештің ауылына соғады. Онда үлкен той болып жатады. Бұл Ақбикештің ұзатылар тойы екенін Есжан білмейді. Есжан бір үйде жиналып отырған ауыл жастары мен қарттардың үстіне барады. Бұлар «Ақбикеш ауылымыздағы он саусағынан өнері төгілген домбырашымыз еді, енді сол бізден кетіп, сіздерге барғалы отыр, ең болмаса соңғы рет Ақбикештің тартқан күйін тыңдап қалалық, қызымызға рұқсат етіңіз» - деп, құдалардан рұқсат алып, оңаша үйде Ақбикешке күй тартқызу үшін жиналып отырғандар екен. Ақбикеш біраз күй тартып, домбырасын тізесіне сүйеп, қол орамалымен маңдай терін сүртеді. Осы кезде Есжан да үйге кіріп, босағадан отыра кетеді. Ақбикеш тағы да күй тартуға ыңғайланып, үйдегілерді көзбен бір шолып өткенде есік алдында отырған Есжанға көзі түседі. Есжанның жүдеу сиқына қапаланып, мұңайған Ақбикеш:

- Келесі күй «Айнам қалды» аталады, - деп домбырасын тарта беріпті. Күйді беріле тыңдап отырғандардың бірі:

- Мына домбыраның үні шынында да «айнам қалды, айнама қалды» - деп қақсап тұрған сияқты. Осыншама көп жасау дайындағанда қол ұшындай айнаны сандықтың бұрышына тастай салуға болмады ма екен? – дейді жанында отырған екінші бір кісінің құлағына сыбырлап. Сонда Ақбикештің әлгіндегі қимылын сезіп қалған екінші қарт:

- Жоқ олай болмас. Менімше, осы отырғандардың ішінде Ақбикештің ұнатқан жігіті, айнасы қалып бара жатқан болар. Қыздың соған арнап, домбырамен айтып отырған назы шығар» - дейді.

- Шынында да бұл күй Ақбикештің Есжанды көріп мұңайып тартқан, ескерткіш есебінде «Айнам қалды» атты күйі екен дейді халық арасында [10].

1970 жылы Төлеген Момбековтың асыл жары Пернеш қайтыс болып, Райхан, Қызжан, Дана, Гүлжан, Салтанат атты бес қызымен, Қайрат атты бір ұлымен қалған Төкеңе бұл қаза қатты батады. Жан күйзелісіне толы осы жылы өмірге бірінен соң бірі төрт күй келеді. Сол кезде автоклуб меңгерушісі болып жұмыс істейтін Төлеген бір күні жұмыстан шаршап үйіне келсе, Қайраты төрт жасар Салтанат деген қызын жылатып қойыпты. Сонда Салтанат біраз уақыт өтсе де, өлген шешесін ұмытпай: «Апама айтам» деп зар еңіреп жылайды. Осы сөзді құлағы шалып қалған күйші сондай бір ауыр күй кешіп, қатты толқиды. Қызын жұбатып отырып: «Қайтемін, жаным-ау» - деп қосыла жылайды. Сосын сүйеніші де, жұбанышы да болған домбырасын сабалай береді. Ертеңіне жаңа күй шығады. Күйдің атын қызына жұбату ретінде «Салтанат» деп қояды [11].

Секенді күйші ретінде дүйім жұртқа алғаш танытқан «Көңіл толқыны» күйі 1985 жылы Мәскеуде жазылды. Онда өнерпаз 24 жаста болған. Секеннің Жанар және Анар атты қыздарынан айырылғанына көп уақыт бола қоймаған. Жан дүниесін бір мұңлы әуен мазалап, соның кілтін таба алмай жүрген. Ансамбль мүшелері Мәскеуде, қаланың сыртындағы орманға сейілге шыққанда аяқ астынан дауыл көтеріліп, жаңбыр құйып берсін. «Бәріміз ағаштан салынған жаппаға барып тығылды. Көңіл күйім мәз емес еді. Аяқ астымызда жаңбырдан көлшік пайда болды. Соған тамған тамшы, жығылған жапырақ, ыршып аққан су, шөп пен гүлді тербеген жел, жалпы табиғаттың ашуы ішімдегі жұмбақты тапқандай болды. Қолымда не домбыра, не нотаға түсіре қоятын қағаз жоқ, күй басымда жазылды. «Көңіл толқыны» күйі осылайша табиғаттың толқынысы мен ішімдегі күрсіністен туды» - дейді күйші. Күй бірден көпшіліктің ыстық ықыласына бөленіп, кеңінен таралады. Тіпті, алыс-жақын шетелдегі жұртшылық күйді тыңдаған бойда оның авторын іздестіріп, күйдің шығу тарихына білгілері келеді. Жапондық тыңдармандар күй аннотациясын сұраған кезде, автор іштегі орны толмас, өкінішті сыртқа шығармас үшін «Бұл күй «Невада-Семей» қайғысына арналған еді» деп айта салып Жапондарды жылатыпты [12].

Қаршымбай (Қаршыға) Ахмедияровтың «Қосбасар 2» күйі АҚШ-тың Маями, Сан-Франциско қалаларындағы симфония оркестрінің орындаушысы, қызы Раушанға арнаған [13].

Ә.Желдібаевтың жас күнінде ғашық болып қосыла алмаған қызына арнаған күйі. Күй өткен ғасырдың 80-жылдары пайда болған. «Ерке сылқым» күйінің құрметіне 2011 жылы Шу қаласында ескерткіш орнатылды [14].

«Жантаза» күйі. Сейтқали (Сейтек) Оразалыұлының «Арпалыс», «Шарипа Ақжелең», «Жантаза», «Қарашаш», тағы басқа күйлерінде адамның жан әдемілігін, халықтың мұңы мен қайғы-қасіретін бейнелеген. 1937 жылдан бастап Сейтектің «Он алтыншы жыл», «Заман-ай», «Жантаза» атты шығармалары қазақтың Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің репертуарына еніп, жұртшылық арасына кең тарауға мүмкіндік алды [15]. Айгүл Үлкенбаева «Жантаза» күйін орындау алдында бұл осы аттас бір әйелдің мінезін сипаттайтын күй болса керек деген мәлімет берген.

«Шарипа Ақжелең» күйі. Қазақ музыка мәдениетінде ертеректегі «Ақ желең» күй жанры емдік мақсаттағы күйлерден құралған. Себебі қазақ күй мектептеріндегі 62 Ақжелең, яғни 62 күй орындалып біткенше адамның 62 тамыры иіліп, қан жүгіріп, аурудан айығып кететініне сенген. Бұл жанрға әр күйші өзінше үлес қосқан. Сейтқали Оразалыұлының «Шарипа Ақжелеңі» де сондай күйлердің бірі. Белгілі орындаушы, күй зерттеушісі Айтолқын Тоқтаған Ресейде лекция-концерт беріп, жоғары сапада өнер көрсетіп, қазақ күй мәдениетін халықаралық деңгейде танытты [16].

Е.Брусиловскийдің өңдеуіндегі Ақбикеш немесе Алтынайдың «Алтынай Ақжелең» күйі. Қазірге дейін байқауларда, концерттерде фортепианоның сүйемелдеуімен қобызда орындалады. Талап Қараштың ютуб арнасында ала түсті кадрдағы архивтік видеосы сақталған. Бұл профессор Меруерт Кәленбаеваның жас кезі [17].

«Көңілді бикеш» Н.Тілендиевтің жарына, Дариғаға арнап шығарған күйі [18].

..таңдаған аппақ таңым, ерекше алтыным бар таңым-Назым – деп келетін 2 шумақ өлең негізінде пайда болған «Алтыныма немесе Назымға» деген Бауыржан Бекмұханбеттің шығармасы. 2009 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының орган залында тұсауы кесілген. Автордың болашақ жарына сөз салып, қолын сұрағанда орындаған күйі [19].

«Майра» фантазиясы Е.Үсеновтің 1999 жылы «Домбыра мен фортепианоға арналған шығармалар» атты жинағына енгізілген [20].

Сонымен концерт бағдарламасына қыз-баласына арналған күй-шығармалар және олар туралы фактілер жиналды. Мәдени іс-шараны екі блокқа бөліп қарауға болады. Біріншісі классик күйшілердің және қазіргі күйші-композиторлардың күйлері болса кейінгі бөлімде күй жанры мен Европалық музыкалық формалар стилінің синтезі, домбыра, қобыз т.б. музыкалық аспаптардың фортепианомен үйлесуінде орындалатын музыкалық шығармалар таңдап алынды. Тақырыпқа сай қазақ күйлерінің шығу тарихын зерттеу нәтижесінде күйлерді қыз бен жігіттің күй тартысында дүниеге келген күй, ғашық болған қызды суреттейтін күй, адал жарына арналған күй (қылығына сүйсіну, сағыну, өліміне қайғырып шығару т.б.), перзентіне арнаған күй деп бөлуге болатыны анықталды. Бағдарламадағы музыкалық шығармалар қыз-бала, әйел тақырыбын барынша аша білді деп санаймыз. Себебі қыз баланың өмірі 2 кезеңнен тұрады. Олар: ең қысқа қыз ғұмыры, яғни ата-анасының қамқорлығы тұсындағы өмірі, екінші кезеңі әйелдік, келіндік, аналық қырлары ашылатын кезең. Осы 2 кезеңге қатысты күйлер жинақталды. Ал қыз баланың ең алдымен ата-ана перзенті екенін ескерсек Т.Момбековтің қызын жұбатудан туындаған «Салтанаты» мен Қ.Ахмедияровтың «2-Қосабасары» екі түрлі характердегі шығармалар.

Концерт барысында көркемдік мәнерлеу құралдары мен орындаушының шеберлігі өзара үйлессе, студенттер ұжымындағы қыз-балалардың көңіл-күйі көтеріліп, жағымды атмосфера қалыптастыра алсақ адамгершілік, эстетикалық тәрбиеге барынша тиімді ықпал етілді деп саналады. Сонымен қатар студенттерді қазақ күй өнеріне жақындастыру миссиясы да сәтті жүзеге асты деп санаймыз.

Тәжірибелік бөлім

Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясында домбыраны зерттейтін ғылыми кабинет бар. Бірақ қазақ күйлерінің бұқаралық мәдени іс-шарадағы ықпалы туралы көлемді ғылыми зерттеу кездеспейді. Бұқаралық мәдени іс-шараның сценарийін жазатын және оны қоятын көркемдік кеңес мүшелері, режиссерлер музыка таңдаумен айналысатын маман даярланбайтындығын айтады. Шымкент қаласы, облыс деңгейіндегі маңызды мәдени оқиғаларды, мерекелерді ұйымдастыратын мамандар, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің оқытушылары С.Дүйсембаев, Л.Жұмабайлар жеке тәжірибелерінде стадион, алаң сияқты ашық кеңістіктегі бұқаралық мәдени іс-шарада арнайы студияда жазылған жылдам темптегі күйлер ғана қолданылатынын жасырмады. Күйді насихаттау мақсатында «Күй керуені» мәдени жобасы аясында Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі мықты орындаушылар жанды дауыста орындайды. Қазақ күйлерін ғана емес академиялық музыка өнерінің өзі әлі де болса белгілі бір азғантай аудитория тұтынады. Біздің шоу-концерттің ұйымдастырылуында сценарий жазуда да біршама кедергілер кездесті. Бізге оқуға түсетін талапкерлер көбіне музыкалық дайындықсыз, өнертанулық білімсіз түсетіндіктен күй ғана емес, жалпы музыка тыңдау мәдениетінің дұрыс қалыптаспайды. Бұл мектеп жасында қалыптасуы тиіс дағды.

Нәтижелер мен талқылау

Біздің мәдени іс-шараға іріктелген музыкалық шығармаларды топтауда, яғни жанды орындай алатын күйшіні табуда, күйдің аудио нұсқасын анықтауда қиындықтар болды. Ең алдымен күйді түсіну үшін күй тыңдау мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі және оның университет қабырғасында қабылдаудың кеш екендігі анықталды. Себебі еліміз мәдени

жобалар арқылы музыканың кері ықпалынан қорғалмаған. Музыканы зерттейтін физика ғылымының акустика саласы бойынша дыбыстың биіктік, жиіліктерін білдіретін ГЦ, децибел ұғымдары бар. Ж.Нәжімедіновтің еңбегінде қазақ күйі түгілі қазіргі домбыраның өзінде қоңыр үн болмайтыны жазылған. Себебі 90 ГЦ ке дейінгі дыбыстар қоңыр. Ал домбыраның дыбыс жиілігі 100-120 ГЦ аралығын қамтиды. Ал күйді көркемдік қабылдау тіпті келесі кезектегі қиын мәселе. Бұл қазақ ұлтының бәріне тән кемшілік. Танымал, мәдени айналымда жиі қолданылатын ойнақы күйлер мен европалық үлгідегі домбыра мен фортепианоның, қобыздың орындауындағы күйлер тыңдаушыларға қызық болды. Күй тарихының дикторлар тарапынан жанды, анық айтылуы және экраннан үйлесімді суреттердің көрсетілуі, қойлым қойылуы арқасында күйді қабылдау тартымды бола түсті.

Қорытындылар

Қазақ күйлерінің негізіндегі шоу-концертте театрландырылған қойылымдарды студенттер ойнап шықты және күйлермен барынша үйлестірілді. Кіші сахнада қойылған мәдени іс-шарадағы күйлер қарапайымнан күрделіге қарай берілді. Музыкалық үзіліс ретінде фонограммада жазылған «Дайрабай», «Темірбектің төкпесі» сияқты бишілер билеп жүрген күйлердің орнына жанды дауыстағы күйшінің барлық пернені басып өзі қалаған қағыста дыбыс шығаруымен алмастыру екі ұшты эффект сыйлады. Бұл әдіс кейбір музыкалық шығармалардың алдындағы бірнеше секундтық үзілісті үйлесімді толықтырса кейбір нөмірлердің алдында кері әсерге қалдырды, яғни ойды бөліп жіберді.

Театрландырылған шоу-концерттегі музыкалық шығармалардың тізімі төмендегідей:

Дәулеткерей «Қосалқа күйі», «Жеңгем сүйер», «Көркем ханым», «Жұмабике; халық күйі «Кербез қыз», Құрманғазы «Қайран, шешем»; «Рұқсат берші, Балжан қыз», «Балжан әйел», Алтынайдың күйі «Алтынай Ақжелең», Ақбикештің күйі «Айнам қалды», Т.Момбековтің күйі «Салтанат», С.Тұрысбековтің күйі «Көңіл толқыны», Қ.Ахмедияровтың «Қосбасар 2» күйі, Ә.Желдібаевтың күйі «Еркесылқым», Оразалыұлының «Арпалыс», «Шарипа Ақжелең», «Жантаза», «Қарашаш» күйлері, Е.Брусиловскийдің өңдеуіндегі Ақбикеш немесе Алтынайдың «Алтынай Ақжелең» күйі, Н.Тілендиевтің «Көңілді бикеш» күйі, «Алтыныма немесе Назымға» деген Бауыржан Бекмуханбеттің музыкалық шығармасы, Е.Үсеновтің «Майра» фантазиясы.

Әдебиеттер тізімі

1. Орлова Е.М. Исследования влияния музыки на человека в творчестве В. М. Бехтерева и его школы. Автореф дис. на соиск. уч. степ. кандидата психологических наук. Москва: пед. гос. ун-т, 2016, 26 с.
2. Классикалық зерттеулер: көп томдық. Алматы: [б. и.] Т. 2: Жұбанов А. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. 2012, 404 б.
3. Аманжол Қ. Күй - құдірет, күй - кие!// Егемен Қазақстан. - Астана, 2017. - 17 қараша (№ 222). - 1, 9 б.
4. Тоғысбаев Б. Сужикова А. - Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. - Алматы: Алматы кітап баспасы, 2009, - 376 б.
5. «Күй тыңдайық»: сыбызғышы Талғат Мұқышевтің орындауында халық күйі «Кербез қыз» (видео) Мына сілтемеде: <https://qazaqadebieti.kz/24267/k-j-ty-dajy-sybyz-yshy-tal-at-m-yshviti-oryndauynda-haly-k-ji-kerbez-yz-video> (20 сәуір 2024)
6. Күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлы туралы не білеміз? Мына сілтемеде: <https://sputnik.kz/20190122/qurmangazy-sagyrbaiuly-omirbaian-8945443.html> (20 сәуір 2024)
7. Сансызбай Ө. Қазанғаптың қанша күйі бар? Мына сілтемеде: https://massaget.kz/mangilik_el/sikyirlyi_saz/kuy/46517/ (20 сәуір 2024)
8. Райымбергенов А. - Қазанғап Ақжелең. - Алматы: Өнер, 1984.- 104 б
9. Сейдімбек А. - Қазақтың күй өнері. - Астана, 2002, 832 б
10. Мерғалиев Т. - Домбыра сазы Алматы: Қазақ КСР-інің Ғылым баспасы, 1972, 316 б.

11. Әлімақын Д. Салтанат – қайғылы, бойлауық күй. Мына сілтемеде: <https://egemen.kz/article/326111-saltanat-%E2%80%93-qayghyly-boylauyq-kuy> (20 сәуір 2024)
12. Қалжанов А. Сан қырлы Секен. Мына сілтемеде: <https://kazgazeta.kz/news/128717> (20 сәуір 2024)
13. Қаршыға Ахмедияров «Қосбасар -2» Мына сілтемеде: https://youtu.be/aTY_s0AuoYw?si=oZpqpAO5jDjVFJdR (4 Қаңтар 2025)
14. Ерке сылқым Мына сілтемеде: <https://egemen.kz/article/223482-erke-sylqym> (4 Қаңтар 2025)
15. Сейтек Оразалыұлы. Мына сілтемеде: <http://www.tarih-begalinka.kz/kk/history/modern/figures/naymanbayuly/> (4 Қаңтар 2025)
16. ВЕЧЕР КАЗАХСКОЙ НАРОДНОЙ МУЗЫКИ лауреат международных конкурсов Токтаган Айтолкын Айтжанқызы (домбра, Казахстан) Мына сілтемеде: <https://youtu.be/Hjla-Jjneu4?si=YSGu6oAT4JDkR2iL> (4 Ақпан 2025)
17. Профессор Меруерт Кәленбаеваның орындауындағы Халық күйі «Алтынай» Мына сілтемеде: <https://youtu.be/Gp6rM9jgyqs?si=r0Heqgj3s7H-5PyT> (4 Ақпан 2025)
18. Ауашова А.Т. Нұрғиса Тілендиев шығармашылығы. Мына сілтемеде: <https://45minut.biz/?p=40596> (4 Ақпан 2025)
19. Бауыржан Бекмуханбет Алтыныма. Мына сілтемеде: <https://youtu.be/WwWitxRL1A?si=ntClyph7lQItO0v2> (4 Ақпан 2025)
20. Сұрағанқызы Ж. Заманауи композитор Е. Үсенов Мына сілтемеде: <https://infourok.ru/doklad-na-temu-zamanaui-kompozitor-e-senov-1651350.html> (4 Ақпан 2025)

Аннотация

Статья представляет собой краткий обзор музыкальных произведений, отобранных в музыкальную программу театрализованного шоу-концерта, об их идейно-ценностном значении. В теоретической части изложены итоги российской научной школы, занимающейся изучением влияния музыки на психику человека. В статье рассматривается история казахских кюев на тему женщины, художественно-идейное значение и предлагается использовать в одной из форм культурного мероприятия. В театрализованном концерте наиболее пропагандируются казахские кюи, ограниченные сольным исполнением, и проводятся творческие эксперименты, в которых музыкальные произведения, исполняемые в объединении домбры и фортепиано, кобыза и фортепиано, одновременно выходят за рамки академического искусства и исполняются на массовом празднике. Методы герменевтической экспертизы, художественной экспертизы музыкального произведения составляют методическую основу статьи.

Abstract

The article is a brief overview of the musical works selected for the musical program of the theatrical show concert, about their ideological and value significance. The theoretical part presents the results of the Russian scientific school, which studies the influence of music on the human psyche. The article examines the history of Kazakh kuys on the theme of women, artistic and ideological significance and suggests using them in one of the forms of cultural events. In a theatrical concert, Kazakh kuis, limited to solo performance, are most promoted, and creative experiments are conducted in which musical works performed in the combination of dombra and piano, kobyza and piano, simultaneously go beyond academic art and are performed at a mass celebration. The methods of hermeneutic examination and artistic examination of a musical work form the methodological basis of the article.

Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат

толық аты-жөні: Смағұл Хамза Жұмабекұлы, телефон нөмірі: 8771-859-7004, электронды поштасы: khamza.smagul@bk.ru